

«ӨЖЖ» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және 2024 жылдың I жарты жылдығындағы қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есепке ақпарат.

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес «Өскемен жылу жүйелері» АҚ Сіздің назарыңызға 2024 жылғы I жартыжылдықта реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша кәсіпорын қызметінің қорытындылары туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есепке ақпаратты ұсынады:

- «ӨЖЖ» АҚ туралы жалпы ақпарат. Желілердің ұзындығы 454,9 км, қазандықтар саны - 8, қызмет көрсетілетіндер саны - 121,3 мың тұтынушы. Жылу энергиясының жоғалуы – нормативтік шеңберінде. Қызметтің соңғы нәтижесін бағалау тарифтік кезең аяқталғаннан кейін ғана мүмкін болады.

- Инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы. 2024 жылғы 1 ақпаннан 2025 жылғы 31 қаңтарға дейінгі кезеңге арналған инвестициялық бағдарлама 652,4 млн.теңге сомасына «Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасы бойынша қосымша іс-шараларды ескере отырып, 1 857,88 млн. теңге мөлшерінде бекітілді. Инвестициялық бағдарламаға 1 442,02 млн. теңге сомасына учаскелер мен құрылыстарды қайта жаңарту және жөндеу, 233,55 млн. теңге қазандық жабдықтарын күрделі жөндеу, 64,72 млн. теңге қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге бағытталған іс – шаралар, энергия үнемдеуге және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған іс - шаралар - 37,52 млн.теңге, өндірістік объектілерді электрмен жабдықтауды жөндеу – 10,26 млн. теңге, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау, жаңғырту немесе жөндеу - 55,12 млн. теңге, ақпараттық технологиялар құралдарын жаңартуға - 14,23 млн теңге, ескірген жабдықты ауыстыруға және жаңа жабдық сатып алуға – 0,46 млн теңге көлемінде кірді. Сондай-ақ ағымдағы тарифтік кезеңде орындау үшін 817,53 млн.теңгеге 2023 жылғы инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары ауыстырылды. Ақпаннан маусымға дейін инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау 210,4 млн. теңгені құрады, іс-шараларды орындау пайызы 20-дан 100% - ға дейінгі мөлшерді құрады. Сондай-ақ, 2024 жылдың 5 айында 161,2 млн.теңге сомасына 2023 жылдан бері ауыстырылған инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары орындалды. Барлық жұмыстар орындалу кестесіне сәйкес жүргізіледі, сондықтан соңғы нәтижені тарифтік кезең аяқталғаннан кейін ғана бағалауға болады.

- «ӨЖЖ» АҚ 2024 жылдың I жарты жылдығындағы қызметінің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері туралы. Аудиттелмеген «2024 жылғы 6 айдағы жиынтық пайда туралы есепке» сәйкес жиынтық табыс 8 271,0 млн. теңгені құрады. КТС ескерілген шығыстар 7 761,6 млн. теңгені құрады. Нәтижесінде кәсіпорынның салық салудан кейінгі жедел пайдасы 509,4 млн. теңгені құрады. Кәсіпорынның қызметі маусымдық жұмыс атқару сипатына ие, сәйкесінше талдау қаржы жылы аяқталғаннан кейін жүргізілуі керек.

- 2024 жылдың I жарты жылдығында ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы. Есепті кезеңде 1 139,428 мың Гкал жылу энергиясы сатылды. Реттелетін қызметтер тиісті сапада орындалды. Жылу жүйесіне салқындатқышты беру кестеге сәйкес қамтамасыз етілді.

- Реттелетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы. 2024 жылдың I жарты жылдығында дербес қызмет көрсету орталығына 46 015 өтініш түсті (айына 7 700-ге жуық өтініш). Тұтынушыларға қызмет көрсету және цифрландыру бойынша жалпы республикалық бағдарламаларды қолдау саласында цифрлық сервистерді дамыту мақсатында 2023 жылғы 1 ақпаннан бастап тұтынушылар үшін цифрлық сервистер белсенді енгізілді. 2023 жылы «ӨЖЖ» АҚ Call-орталығына 560-566 қоңыраулар санының айтарлықтай төмендеуі байқалды және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері бойынша айына қоңыраулардың орташа саны шамамен 4 200 (жалпы саны – 2024 жылдың 6 айында 25 105 қоңырау) құрайды. «УКТС личный кабинет» мобильдік қосымшасында тіркелген дербес шоттар саны 56 542, белсенді чат-боттар саны – 43 229 құрады. Тәулік бойғы автожауап берушіге 42 823 есептеу аспаптарының көрсеткіштері қабылданды. Ақпараттық базада электрондық мекенжайлары бар 15 600 тұтынушы тіркелген. Тұтынушылардан нысандарды жылумен жабдықтау сапасына 30 өтініш келіп түсті, олар жедел пысықталды. Өтініштердің себептері «ӨЖЖ» АҚ-ның пайдалану жауапкершілігі шегінен тыс. Мамыр айынан бастап штабтың 2024-2025 жылдардағы жылу маусымына қала жылу тұтыну объектілерін дайындау бойынша көшпелі кеңестері тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

- Бекітілген тарифтік сметаның бап бойынша орындалуы туралы. 01.02.2024 жылдан бастап қолданыста болған «ӨЖЖ» АҚ үшін жылу энергиясын өндіруге, беруге және таратуға, жабдықтауға арналған тарифтік смета ШҚО бойынша ТМРК 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 206-НҚ бұйрығымен бекітілген. Стратегиялық тауар бағасының өсуіне байланысты оған ШҚО бойынша ТМРК 23.01.2024 ж. № 19-НҚ бұйрығымен өзгерістер енгізілді, содан кейін инвестициялық бағдарламаны түзетуге байланысты 2024 жылғы 20 наурыздағы № 63-НҚ бұйрығымен өзгерістер енгізілді. Жылумен жабдықтаушы кәсіпорындар маусымдық жұмыс сипатына ие болғандықтан, тарифтік кезеңнің қорытындысы бойынша тарифтік сметаның орындалуын бағалау тиімді. Ағымдағы сәтте барлық жөндеу жұмыстары мен қызметтер

Мемлекеттік сатып алуды өткізу нәтижесінде таңдалған мердігерлердің жұмыстарды орындау кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Бірінші жартыжылдықтың тарифтік кезеңінде тұтынушыларды жылумен жабдықтау бойынша қызметтер көрсетуге арналған тарифтік смета бойынша жедел шығындар 6 763,8 млн. теңгені құрады. 2024 жылдың I жарты жылдығында шығындардың жекелеген баптары бойынша: электр энергиясына, көмірге, ЖЖМ, өндірістік шығыстарға, салық төлемдеріне айтарлықтай өсім байқалады, бұл бекіту кезінде сметадағы шығындар тапшылығына байланысты. Шығындардың жекелеген баптары бойынша бағалардың нақты өсуі 6-дан 100% - ға дейін қалыптасқанын, ал уәкілетті орган бекіткен кезде 4% - дан аспайтын мөлшерде инфляция ескерілгенін атап өткен жөн.

- «ӨЖЖ» АҚ үшін сапа, сенімділік және тиімділік көрсеткіштері ұзақ мерзімді кезеңге бекітілмеген.

- Қызметтің болашаққа болжамдары, оның ішінде реттелетін қызметтерге тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы. 2024 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жоспарда «ӨЖЖ» АҚ ең алдымен 2024-2025 жж. жылу беру маусымына дайындық төлқұжатын алу, бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау және бекітілген кестелерге сәйкес жөндеу жұмыстарын орындау. Қажет болған жағдайда-тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламаға түзету жүргізу жоспарлануда. Сондай-ақ, жыл соңына дейін қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша бірқатар іс-шараларды енгізу, оның ішінде тұтынушылардың ЭЦҚ және QR-код арқылы жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтер көрсетуге арналған цифрлық салыстыру актісін және шартты алу мүмкіндігін беру жоспарлануда. Тарифтердің өзгеруі 2024 жылдың соңына дейін болжанбайды, тарифтер 01.04.2024 ж. бастап «Инвестицияларға айырбастау тарифі» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға сәйкес өзгертілді.